

PLITONIT PLITOFLEX MONTAGE орнығуы өте күшті монтаж желімі



280 мл

- ✓ MS полимер
- ✓ Бастапқы жүктеме — 350 кг/м²
- ✓ Үзілуге дейінгі созылу — 200%-ға дейін
- ✓ Алғашқы қатаю — 30 минут
- ✓ Іште және сыртта қолдану

Қолдану аясы:

Ол қабырға панельдері, еденкемелер, табалдырықтар, су ағатын құбырлар, санитарлық фитингтер, айналар, тақташамен қапталған элементтер (жасырын люктерді, экрандарды, үстел үстілерін және т.б. монтаждауда) сияқты сыртқы және ішкі элементтерді желімдеу және монтаждау үшін қолданылады, маңызды емес конструкциялар мен элементтер монтажі кезінде химиялық анкерлерге балама ретінде пайдаланылуы мүмкін (әлсіз минералды негіздердегі жеңіл жиназ бен техниканы аспалы түрде монтаждау).

Желімделінетін негіздердің түрлері	Қабырғалар
Керамогранит	+
Керамикалық тақташа	+
Табиғи тас (сірке қышқылына тұрақты)	+
Жасанды тас	+
Шыны (соның ішінде айналар)	+
Пластик	+
Ағаш/шере/АЖТ/OSB және т.б.	+
Металл (соның ішінде алюминий)	+
Бетон және басқа да минералды материалдар	+
Органикалық шыны/поликарбонат	-

* «жылы еден» жүйесімен бірге тақтаны төсеу технологиясы туралы қосымша ақпарат алу үшін plitonit.ru сайтына кіріңіз.

Техникалық сипаттамалар

Түс	Ақ
Негіз	STP полимер
Минималды желімдік тігіс	2-3 мм
Пайдаланудың температуралық режимі	+5°C-тан +35°C-қа дейін
Пайдаланудың температуралық режимі	-40°C-тан +90°C-қа дейін
Тығыздығы	1,58 ± 0,03 г/см ³
Үзілуге дейінгі созылу	200%

Негізді дайындау

Желім жағылатын негіз кір мен шаңнан тазартылуы керек, қабыршақтанған фрагменттерді алып тастаңыз, майсыздандырыңыз және құрғатыңыз.

Жұмыс жүргізудің тәртібі

- 1 Картридждің ұшын кесіп, саптаманы бұраңыз.
- 2 Саптаманың ұшын мақсатты тігістің өлшеміне дейін кесіңіз (бірақ диаметрі 3 мм-ден кем емес).
- 3 Картриджді пистолет-дозаторға салыңыз. Пистолетті таңдағанда, өнімнің жоғары тұтқырлығын ескеріңіз.
- 4 Негіздердің біріне желімді жолақтар түрінде жағыңыз, олардың арасы 10-15 см болуы керек (ауа қозғалысын қамтамасыз ету үшін).
- 5 Желімделінетін беттерді бір-біріне басыңыз.

Жаңа тігісті шпательмен тегістеуге болады. Қатталмаған материалды еріткішпен кетіруге болады, қатқан материалды - тек механикалық тәсілмен.

PLITONIT

Plitonit
Deutsche
Qualität

КАСІПҚОЙ БОЛУ ОҢАЙ

Үй-жайлардың ішінде де , сыртында да кез келген материалдар түрлерін жабыстыруға қолайлы

Басқа тілдегі нұсқаулықты жүктеу/
Download the manual in another language
kz | az | uz | tj | kg | tm | am | ge | mn

Жұмысты жүргізу шарттары

Жұмысты орындау кезінде және келесі 3 тәулікте ауаның, негіздің және тақташалардың температурасы +5 °C-тан +30 °C-қа дейін болуы керек.

Назар аударыңыз

Орнатылған икемді қосылыстың ұзаққа жарамдылығы жұмыстың дұрыс орындалуына байланысты. Қатайту кезеңінде желіммен жанасудан аулақ болыңыз. Мүздатылған беттерге жағуға болмайды. Қатайту кезінде спирттермен немесе еріткіштермен жанасудан аулақ болыңыз. Суға үздіксіз батыру мүмкін болатын жағдайларда пайдаланбаңыз. Өнім суға (кезеңдік жанасулар), алифатты еріткіштерге, минералды майларға, майларға, сұйылтылған органикалық қышқылдар мен сілтілерге жоғары төзімділікке ие. Ароматтық еріткіштерге, қойылтылған қышқылдарға және хлорланған көмірсутектерге төзімділігі нашар.

Сақтық шаралары

АБАЙЛАҢЫЗ!

Жұтылған жағдайда зиянды

Жұмыс кезінде қолғапты, арнайы киімді және көзді қорғау құралдарын пайдаланыңыз.

Жұмыстан кейін қолдарыңызды және бетіңізді жақсылап жуыңыз.

ТЕРІГЕ ТИГЕН ЖАҒДАЙДА көп мөлшерде сумен шайыңыз; тітіркену сақталса, медициналық көмекке жүгінңіз.

КӨЗГЕ ТҮСКЕН ЖАҒДАЙДА: Көзді бірнеше минут бойы сумен ақырын шайыңыз. Жанаспалы линзаларды қолдансаңыз және оны шешу оңай болса, шешіңіз және көзіңізді шаюды жалғастырыңыз. Көздің тітіркенуі сақталса, медициналық көмекке жүгінңіз.

БАЛАЛАРДАН ҚОРҒАҢЫЗ!

Құрамы

STP полимер

Тасымалдау және сақтау

Механикалық зақымданудан қорғайтын жабық көліктерде тасымалдау. Өндірушінің жабық қаптамасында, желімге бөгде заттар мен атмосфералық жауын-шашынның түсуіне жол бермейтін жағдайларда қоймаларда сақтаңыз. +5°C-тан +25°C-қа дейінгі температурада тасымалдау және сақтау.

Өндірушінің ыдысында сақтау мерзімі — өндіру күнінен 12 ай.

Өндірушінің кепілдігі

Өндіруші тұтынушының тасымалдау, сақтау шарттарын және осы нұсқаулықтың нұсқауларын сақтаған кезде монтаж желімінің өндірушінің сипаттамасына сәйкес келетініне кепілдік береді. Өндіруші материалмен жұмыс технологиясын сақтамағаны үшін жауапты емес, сондай-ақ оны осы нұсқаулықта көзделмеген мақсаттар мен шарттарда пайдалану үшін жауапты емес.

ГОСТ Р 8.579-2002 сәйкес нетто массасынан ауытқу.

Материалды тұтыну шығыны

Диаметрі 5 мм болатын 11 қ.м-ге 280 мл

ТҰТЫНУШЫЛАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚЫЗМЕТІ

8 (800) 555 - 71 - 67

www.plitonit.ru

e-mail: info@mc-bauchemie.ru